


«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН  
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАУАРЛАР  
МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ  
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН  
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ  
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ  
ТОВАРОВ И УСЛУГ ГОРОДА АЛМАТЫ  
КОМИТЕТА  
КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И  
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ  
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ  
28.05.2020ж. №32

ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
№32 от 28.05.2020г.

**Объектінің қызметіне қойылған  
шектеулерді алып тастау тәртібі туралы**

«Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығы мен «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бұйрығы талаптарына сәйкес COVID-19 коронавирустық инфекциясы (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында және объектілердің қызметіне қойылған шектеуді алып тастау барысында Алматы қаласы тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

**1. 2020 жылғы мамырдың 30-нан бастап қайта жалғастырылсын:**

1) діни объектілердің қызметі, осы қаулының 1-қосымшасында көрсетілген күшейтілген санитариялық-дезинфекциялау режимінің талаптары қатаң сақталған жағдайда.

**2. Алматы қаласының қоғамдық даму басқармасы қамтамасыз етсін:**

1) діни объектілер тарапынан осы қаулының 1-қосымшасында көрсетілген COVID-19 карантин кезеңінде діни объектілердің қызметі туралы нұсқаманың орындалуын;

2) қызметіне қойылған шектеулер алынатын діни объектілерді ақпараттық арналар арқылы, бейінді ассоциациялардың қатысуымен видеоконференция өткізу арқылы, қажетті ақпараттарды ресми веб-парақшаларда орналастыру арқылы хабардар етуді.

3. Алматы қаласы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы мамырдың 1-гі №25 және 2020 жылғы мамырдың 11-гі №27- қаулыларында көрсетілген жалпы ауданы 500 ш. м. дейін азық-түлік емес сауда объектілері, соның ішінде автобөлшек, құрылыс материалдарын, тұрмыстық химияны сататын объектілер, айырбастау пункттері (соның ішінде банк жүйесіне кірмейтін) 2020 жылғы мамыр айының 30-жұлдызынан бастап Алматы қаласында төтенше жағдайдың қабылдануы мен карантиндік режимнің енгізілуіне дейін белгіленген жұмыс кестесіне көшсін.

**4. Алматы қаласының инвестиция және кәсіпкерлік Басқармасы камтамасыз етсін:**

1) төтенше жағдайдың қабылдануы мен карантиндік режимнің енгізілуіне дейін белгіленген жұмыс кестесіне көшетін объектілерді ақпараттық арналар арқылы және ақпараттарды ресми веб-парақшаларда орналастыру арқылы хабардар ету.

5. Осы қаулыны ұйымдық-құқықтық нысаны немесе ведомстволық тиістілігіне қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті.

6. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері



**Ж. БЕКШИН**

Алматы қаласының Бас  
мемлекеттік санитариялық  
дәрігерінің 28.05.2020 ж.  
№32- қаулысына  
1-қосымша

## **COVID-19 карантин кезеңінде діни объектілердің қызметі туралы НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Діни объект әкімшілігінің бұйрығымен (бұдан әрі-объект) COVID-19 карантин уақытында объектіде алдын алу іс-шараларын сақтауға жауапты тұлға бекітілсін.

2. Жауапты тұлға жұмыс (ауысым) басталар алдында байланыссыз термометрлерді (тепловизорларды) пайдалана отырып, қызметкердің күнделікті термометриясын жүргізіп, нәтижесін қағаз немесе электрондық тасығыштарда тіркесін.

3. Респираторлық инфекцияның кез келген белгілері бар (температураның көтерілуі, жөтел, тамақтың ауруы, тыныс алудың қиындауы) діни қызметшіні жұмысқа жібермеу және инфекция симптомдары анықталған немесе пайда болған жағдайда жедел медициналық жәрдем бригадасын шақыру қажет.

4. Объектіге келушілердің термометриясын жүргізу үшін байланыссыз термометрлер (тепловизорлар) қолданылсын.

5. Діни қызметшілерді бір реттік қолданылатын медициналық маскалар қорымен (жұмыс ауысымының ұзақтығы мен 3 сағатта 1 реттен кем емес маскалар ауысуын ескере отырып), сондай-ақ бір реттік қолданылатын қолғаптармен (ауысымда 2 реттен кем емес және тұтастығы бұзылған кезде ауыстыруға жататын), қолды өңдеуге арналған тері антисептиктерімен қамтамасыз етсін.

6. Объектіде пайдаланылған жеке қорғаныш құралдарын (қолғап, маскалар) жинайтын контейнер жабдықталсын. Контейнерді мамандандырылған ұйымдар қауіпсіз медициналық қалдық ретінде (тұрмыстық қатты қалдықтар сияқты) полигонға шығарады.

7. Көрінетін және қолжетімді орындарда (кіреберісте, санитариялық тораптарда, құдайға құлшылық етуге арналған үй-жайларда, дәрет алуға арналған және діни мақсаттағы заттарды таратуға арналған бөлмелерде) келушілердің қолын өңдеуге арналған санитайзерлер орнатсын. Қолжетімді жерде коронавирусты инфекцияның алдын алу тақырыбына жаднамалар орналастырсын.

8. Діни ғимараттарға (құрылыстарға) келушілердің кіруін міндетті түрде маска («маскалық режимнің» сақталуы) болған жағдайда ғана қамтамасыз етсін.

9. Діни қызметшілер міндетті түрде маскалар мен медициналық қолғаптар киіп жүруге тиіс.

10. Діни ғимараттарға (құрылыстарға) кіретін есіктер ашық болуы тиіс.

11. Діни ғимараттарда (құрылыстарда) тек жеке тәртіппен, кемінде 1,5 м. қашықтықты сақтай отырып, дұға жасау мүмкіндігін ұйымдастырсын.

12. Діни рәсімдерге қатысатын адамдардың жалпы саны 30-ға дейін шектелсін.

13. Діни ғимараттарда (құрылыстарда) және оларға бөлінген аумақта, құлшылық ету орындарында, діни бірлестіктердің мекемелері мен үй-жайларында, тұрғын үйлер мен қоғамдық тамақтану объектілерінде ұжымдық түрде құдайға құлшылық етуді, діни рәсімдерді, жоралар мен жиналыстарды өткізуден бас тартсын.

14. Келушілердің діни ғимараттарда (құрылыстарда) болу уақыты 15-20 минутқа дейін регламенттелсін.

15. Діни ғимараттарда (құрылыстарда) антисептиктерден басқа қандай да бір сұйықтықтарды пайдалануға тыйм салынсын.

16. Ауаның температурасы мен ылғалдылығының оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін ауа ортасын желдету және кондиционерлеу жүйелеріне (тазалау, жуу, зарарсыздандыру, сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тексеру жүргізуді қамтамасыз етсін.

17. Үрмелі-сормалы желдету жүйесімен жабдықталмаған үй-жайларды күніне кемінде 15 минуттан 5 ретке дейін желдету қамтамасыз етілсін.

18. Қажеттілік көлеміне қарай зарарсыздандырғыш, жуғыш құралдарының, сұйық сабынның, тері антисептиктерінің, шүберектердің және жинау мүкәммалының азаймайтын қоры қамтамасыз етілсін.

19. Діни ғимараттардың (құрылыстардың) үй-жайларын қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда вирустық инфекциялар кезінде объектілерді зарарсыздандыру режимдері көрсетілген, қолдануға рұқсат етілген және тіркелген зарарсыздандырғыш құралдарын пайдалана отырып, мынадай жиілікпен: санитариялық тораптар (еден, санитариялық-техникалық жабдықтар, оның ішінде крандардың шұралары, унитаз бөшкелерінің су ағызатын жері) мен сүйеніштер күніне 3 рет өндеп ылғалды жинау жүргізілсін.

20. Зарарсыздандырғыш заттар өндіруші кәсіпорынның қаптамасында, арнайы бөлінген құрғақ, салқын және қараңғыланған, балалардың қолы жетпейтін жерде тығыз жабылған түрде сақталсын. Зарарсыздандыру іс-шараларын және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы көмекті жүргізу кезіндегі сақтық шаралары әрбір нақты зарарсыздандырғыш заттар үшін оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда көрсетілген.

21. Техникалық персонал (еден жуушылар) зарарсыздандырғыш заттарды қолдана отырып ағымдағы ылғалды жинауды жеке қорғаныш құралдарын (халат, қолғап, медициналық маска) пайдалана отырып жүргізсін. Зарарсыздандырғыш заттармен жұмыс істеуге денсаулық жағдайы бойынша қарсы көрсеткіштері жоқ кәмелетке толған адамдар жіберілсін.

22. Іргелес аумақты зарарсыздандыру тәулігіне кемінде 1 рет жүргізілсін.

23. COVID-19 коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға объектінің әкімшілігі жауапты.